Чтобы быстрее узнать славное историческое прошлое родного вуза, в первые же недели учебы вам нужно посетить музей университета, расположенный на первом этаже главного корпуса, ведь наш вуз за 85 лет закончили более 70 тысяч человек! Среди них: знаменитый поэт Касым Аманжолов, академики **Асан Тайманов**, **Шмит Айтиалиев**, государственные деятели **Бырганым Айтимова**, **Иманғали Тасмағамбетов**, **Шафхат Утемисов**, **Елена Тарасенко**, очень популярный ныне прозаик **Рахимжан Отарбаев** и много-много других известных людей. У главного музея три филиала - военно-патриотический (3 этаж главного корпуса), зоологический (естественно-географический факультет), археологический (исторический факультет), посетив которые вы, безусловно, проникнетесь корпоративным духом нашего славного учебного заведения.

Не обойтись вам без услуг, оказываемых другими библиотеками.

Дополнительную информацию вы можете получить также в библиотеках имени Хамзы Есенжанова (пр. Достык 166/2), имени Жубана Молдағалиева (ул. Карева 47), имени Максима Горького (ул. Л. Толстого 27/6), научно-технической библиотеке (пр. Евразия 105). Наиболее посещаемые в городе книжные магазины «Оптим», «Жангирхан», «Книжный островок».



государственным служащим вам придется отстаивать свои позиции, публикуя свои материалы в газетах, выступая на телевидении и радио.

Одним словом, с первых дней вашей студенческой жизни приглашаем вас к сотрудничеству с нашей редакцией, где вам будет предоставлена возможность первой пробы пера.

Теперь ваши тревожления позади. Дома остались любимые бабушки, дедушки, тети, папы, мамы, братья и сестры. Значит, надо привыкать к самостоятельности, следует правильно ориентироваться в новых реалиях. А их немало.

Пора привыкать к следующим понятиям. Один из главных людей для вас **декан** факультета, с ним вы уже, вероятно, познакомились. На каждом факультете есть **кафедры**, **профессорско-преподавательский состав** которых будет учить вас. Вы будете слушать **лекции** (теоретическая часть учебы), ходить на практические и семинарские занятия, затем вас ждет зимняя и летняя **сессия**, по окончании первого курса вы завершите первый **семестр**.

У вас будет свой **куратор**. Этот человек заменит вам вашего бывшего классного руководителя.

В университете многие ваши вопросы будут решаться через **студенческое самоуправление**, **студенческий профсоюзный комитет**.

На период каникул вы можете стать бойцами студенческих строительных отрядов и трудового отряда «Жасыл ел», в чьих активах уже немало добрых дел в возведении жилых объектов, благоустройстве нашего замечательного областного центра.

Если вы захворали, можете обратиться в вузовский медпункт или студенческую поликлинику. **Всего ЗКГУ имеет 7 учебных корпусов, 3 студенческих общежития, типовые спортивные залы и открытые площадки, агробиостанцию, располагает собственной учебной и научно-лабораторной базой, а именно: 4 научными, 18 учебными и, 7 виртуальными лабораториями, для языковых специальностей имеются лингафонные и мультимедийные кабинеты. Богатейшая научная библиотека (более 1 млн. экземпляров книг) по итогам рейтинга входит в 5 лучших библиотек вузов Республики Казахстан. Функционируют электронные читальные залы, крупнейший в регионе компьютерный комплекс, мультимедийные классы, объединенные в локальную сеть с безлимитным доступом в Интернет.**

Чтобы поддерживать физическую активность и быть здоровым, вас ждут спортивные секции по волейболу, дзю-до, «самбо», настольному теннису, шахматам, казахша-куресу, тогуз кумалаку и др. Наиболее отличившиеся спортсмены будут участвовать в городских, областных и международных соревнованиях. Наш вуз закончили многократный чемпион мира по борьбе «самбо» - **Ербол Байбатыров**, прославленный футболист Алматинского «Кайрата» - **Борис Архиреев**, чемпион мира по гребле - **Александр Акунишников**, многократная чемпионка Казахстана и Азии по лыжным гонкам, участница 4 зимних Олимпийских игр, заслуженный мастер спорта РК - **Елена Антонова** - двукратный обладатель Кубка Казахстана, двукратный чемпион мира среди студентов, серебрянный призер

заслуженный мастер спорта РК по стрельбе из лука - **Елена Плотникова**, 9-кратный чемпион мира по пауэрлифтингу - **Владимир Шкирман**, неоднократный чемпион страны по зимнему многоборью, доцент факультета физического воспитания нашего вуза - **Владимир Леонидович Мельников**, неоднократный чемпион Республики по хоккею с мячом - **Вячеслав Пак** и другие. Тренировки с борцами в Университете проводит Заслуженный тренер Республики Казахстан - **Камеш Исмагулович Исмагулов**, воспитавший целую плеяду замечательных спортсменов. С вами первый курс начинает бронзовый призер последних Олимпийских игр, победитель Азиатских турниров по вольной борьбе - **Екатерина Ларионова**.

В городе есть замечательные плавательные бассейны, фитнес залы, теннисный корт, зимний каток для катания на коньках (стадион Юность, ул. Темира Масина 65/1), вас ждет лыжная база ЦС «Динамо» (по дороге в ЗКАТУ им.Жангирхана (Ханская роща, маршрут автобусов №5, 45, 7,22).

В субботние и воскресные дни вас ждут очень интересные мероприятия, которые с недавних пор проводятся перед Центром культуры и искусства имени Кадыра Мырзалиева на новой площадке 9 мкр. (пр. Абулхаир хана 183).

Конечно, спорт и досуг - дела замечательные. Но, все же главнейшее для вас - это высокая успеваемость. Она же требует много времени, концентрации всех ваших сил. Так что - все в твоих руках, уважаемый первокурсник, вернее, в твоей голове. Удачи, терпения и успехов!

Сапарларыңыз сәтті болсын !

*С уважением, абитуриент и первокурсник
филфака 1971 года, ныне редактор «Өркена»
Назар КУАНГАЛИЕВ*

До встречи в редакции!

Білім мерекесі

Білім күніне жиналған студенттердің санында шек жоқ. Бөрінің де кеуделерінде үміт, болашаққа деген нық сенім, жүректерінен жігер оты ұшқындайды. Оқытушылардың, ардагер-ұстаздардың, студенттердің жүзінде күлкі, көңілінде қуаныш.

Көп күттірмей айтулы шара да басталып кетті. Салтанатты жиын жалынды ақын Махамбеттің отты өлеңдерімен басталып, «Арна» би тобының мың бұрала биімен жалғасын тапты. Еліміздің көк Байрағын көтеру салтанаты ардагер-ұстаз И.М.Ломаносовқа, студенттік ректор Қонысбаев Абылайға, Н.Ә.Назарбаев атындағы шәкіртақы иегері Дузбасова Айдаһаға тапсырылды.

Алғашқы құттықтау тілегі БҚМУ ректоры А.С.Иманғалиевке беріліп, студенттер мен ұстаздарға жаңа оқу жылында сәттілік тілеген ректор: «БҚМУ – Азия мен Еуропаның үздік университеттері қатарына ілікті» - деп қуантты. Ардагер-ұстаздар студенттерге ақ жол тілеп, тілеулестігін білдірді. Шәкіртақы иегерлері арасында тұрып, осындай жаңалықты естіп, жүректі мақтанш, қуаныш сезімі кернеді. «Барлық мақтау мен дәрежеге лайықтысың, киелі шаңырақ, қадамың құтты болсын!» - деп іштей тілеулес болдым.

Салтанат соңында «Қорған» квартеті «БҚМУ» әнін орындап, студенттік өзін-өзі басқару ұйымы мен шәкіртақы иегерлері оқытушылар мен ардагер-ұстаздарға гүл шоқтарын табыстады. Мерекелік бағдарлама аяқталған соң, студенттер оқу корпустарына барып, сабақ кестесі, ішкі тәртіппен танысты.

Біздің университет рухани жаңғыру процесінде өз биігінде қалады. Оған студенттеріміз мол үлес қосатынына көміл сенемін! Мерейтойың құтты болсын, алтын ұя оқу ордасы!



Назерке ТҰРАПБЕК,
Құқықтану мамандығының 4-курс студенті
Н.Ә.Назарбаев атындағы шәкіртақы иегері



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қақтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынов

Журналист (Journalist)



№7 (18), тамыз, 2017 жыл

Ой байлығын сыйлар еңбек

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, білім беру ісінің қайраткері Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың шешен сөйлеу мәдениетінің қағидаларын дәріптеуге арналған «Шешен сөйлей білеміз бе?» атты кітабы жарық көрді. Ғалым еңбегінің атауы астарлы ойға жетелейді, естілерді елең еткізеді. Бұлай деуіміз негізсіз емес. Өйткені тәуелсіздікке қол жеткенге дейін шешен сөйлемек түгілі, ана тілімізде сөйлеуіміз күңгірттеліп, айтарымызды қойыртпақтатып, тыңдаушыға жеткізуде мүшкіл халге ұшырадық, сөз еркіндігіне тұсау салынды. Енді бостандыққа, еркіндікке ие болған соң, ана тілімізді мемлекеттік дәрежеге көтергеннен кейін, есімізді жиып, ата-бабамыздың тілінде сөйлеуге бет бұрып жатырмыз. Зиялы ғалымдарымыз бұл бағытта орасан зор қызмет атқаруда, ана тілін қызғыштай қорғап, оны ежелгі қалпына түсіре сақтау, байыту бағытында кешенді іргелі жұмыстар жүргізілуде. Ғалым Абат Қыдыршаев аталмыш еңбегін әзірлеуде шешендік-тану саласына, ана тіліміздің бай мұрасына терең үңіліп, әлемге әйгілі шығыс, батыс халықтары сөз өнерінің қырларын екшеу бағытында дүлдүл шешендердің даналық сөздерін молынан саралаған. Жинақ құрылымында шешендік өнердің қағидалары мен аса қажетті шарттары ерекше көрсетілген.

Ғалымның пайымдауынша, шешен сөйлеу үшін қажетті шарттылық – табиғи дарындылық. Оның жайма шуағы – еркіндік. Еркіндікке негіз болатын қажеттілік – батылдық, терең ой-даналық, білім - білгірлік, тіл байлығы - сөз байлығы. Сөз – шешендік өнердің арқауы. Сөзді дүниеге келтіргенде, дамытып байытқан да – күнелтіс-еңбек, тіршілік құбылыстары. Ал сөздің ылғи дамуда болуы – заңдылық. Аталған еңбекте сөз сипатының құндылықтары ретінде сөздің әсерлігіне, мәнерлігіне, жүйелігіне, дәлдігіне, түсініктілігіне, әуезділігіне, ұйқастылығына, үндестігіне, қисындылығына, нәрлігіне, рухтылығына баса мән берілуі орынды.

Сөз сөйлеу арқылы тыңдаушыға жетеді. «Сөйлей-сөйлей шешен боласың» деудің мәні түсінікті. Тауып айтқанды шешен дейміз. Еңбек авторы шешендік өнер құндылықтарының әсерлілігін сипаттайтын шарттылықтар ретінде шешен сөз айтушының ішкі, сыртқы мәдениеті, білімі мен дүниетанымы, үні-дауыс ырғағы, сөз қисынын келтірудегі тапқырлығы, ой түбінің тереңдігіне тоқталады. Сөз айтушының келбеті, сөйлеу мәнері, тыңдата білу әдістері, шабыт шақыру, жылата да жұбата білу, иландыру қағидаларына қатысты тұжырымдарды береді. «Шешен сөзі – шебердің бізі» деп дәл айтылған. Шешеннің абыройлығы сөзін тыңдата білу, тілінің көркі сөз, өнердің көркі тіл екендігін, сөзбен тыңдаушысын баурап-балқыта құштарландыра білуі сынды жайттарды шешендіктанушы ғалым Абат Қыдыршаевтың өз еңбегінде жеткізе тізбектеуі қуантады.

Өткір сөзсіз билік те дәрменсіз, сырға, қисынға толы сөзсіз ән де айтылмайды, өнердің де қыры ашылмайды. Сөзсіз білімге де, ғылымға да жол жабық. Түсінікті, дәйекті сөзсіз қолбасшылық та дәрменсіз. Олай болса сол сөзді сөйлей білу басшыға да, қосшыға да, сарбазға да, әскербасшыға да, ақынға да, елшіге де ауадай қажет. Саясат та сөз арқылы дегеніне жетеді. Осыдан он ғасыр бұрын өмір сүрген ақылман, атақты «Қауыснама» еңбегінің авторы Кей-Қауыс патша өзінің ұрпақтарына: «Ей, перзентім, егер ақын болғың келсе, ақылды бол. Сөзің тілге жеңіл, көңілге қонымды болсын. Түсінуге қиын, қисынсыз сөздерді қолданудан сақтан, өзіңе түсінікті болғанмен, өзгелерге түсініксіз ауыр сөздерді пайдаланба», - депті. Ал ХХІ ғасырда ғалым Абат Сатыбайұлының да кредосы тап осындай мағынада, кітабының да желісі осындай тұжырымдардан құрылған. Шешендік қағидаларын дәріптеуде, оның өмір тәжірибесінде өзектілігін дәлелдеуде ғалым қажетті тұжырымдарды, түйінді ұғымдарды Конфуцийден де, Ибн-Синадан да, М.Т. Цицероннан да, Сырым бабамыздан да, Әйтеке биден де, Абайдан да, Қадыр Мырзалыдан да, Әбіштен де, Мәтжан Тілеужановтан да алып



ақылмандыққа толы сөйлей білудің арналы қағидаттарын айқара ұсынған.

Бізді ойламай сөйлегеннің ауырмай өлетінін айтқан қазағымның шешендік өнерді өрнектеудегі мұра- байлығы қуантпай қоймайды. Жиренше шешен, Асан қайғы, Бұхар жырау сынды ел дүлдүлдері өз алдына, өзімізбен бірге өмір сүріп, шешендік сынды ұлттық құндылықты мізбақпай дәріптеп жүрген ғалым-педагог Абат бауырымыздың өзі де батыл да еркін сөзімен, мәнерлі де жарасымды үнімен, көтеріңкі де жұғымды дауыс тонымен өз ойларын айқын айтуы қандай жарасымды. Әрқайсысы өз дәуірінде сөзбен хан алдында да, қолбасшы алдында да, тыңдаушылары - қара халық, оқушы-шәкірттері алдында да тыңдаушысын сендіре, иландыра, ойлаңта келе абырой асырған, бедел биіктеткен елтұтқалары.

Осыдан екі ғасыр бұрын поляк жиһангері Адольф Янушкевич Абайдың әкесі, атақты би Құнанбайдың табиғат берген кесек ақыл, ғажайып ес, жүйрік тіл иесі екендігін естіп, тыңдап, көріп, қара қылды қақ жарған би, өнегелі мұсылман, от ауызды орақ тілді шешен екендігіне есі кетіп таңғалып, осындай ұлды дүниеге келтірген қазақ халқына бас иіп: «Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма, бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай шыным, Төңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес. Құнанбайдың рухы қазақ даласында аспанға

Мерей

Қ у т т ы қ т а у !

Ағарту саласындағы, ғылым ісіндегі көп жылғы қажырлы адал еңбегі үшін ұстазымыз Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының «Қазақстан Ұстазы» (Алматы) қоғамының мүшесі ретінде қабылданып (бүгінгі таңда республикалық «Қазақстан Ұстазы» қоғамының үздік ұстаздардан құралған 15 мың мүшесі бар), «Қазақстан ғалымы» медалімен марапатталуымен құттықтаймыз (№0703 / 10488 куәлік. Берілу мерзімі: 24 маусым 2017 жыл). Профессор Абат Сатыбайұлына саушылық, шығармашылық толағай табыс тілейміз.



Ақ тілекпен, шәкірттері – М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 2017 жылғы түлектері атынан, Нәзік Нұрболатқызы Ғазез, Ақбаян Мұратқызы Таймұқанова, Мәлдір Сәбитқызы Латифова, Асыл Алмабекқызы Укиева

Ата-ана алғысы

Құрметті Абат Сатыбайұлы!

Ұстаз - ерқашан да адамзаттың ең бір асыл перзенті ғана емес, табиғат бойларына ақыл мен төзім, іскерлік пен парасаттылық дарытқан абзал да ардақты ізгілік иесі.

Сіз өз мамандығыңыздың мәртебесін апасартпай, саналы ғұмырыңызды ұстаздық жолға арнаған, талай игі істердің белесін біліктілікпен бағындырған ұлағатты ұстаз, іскер маман ретінде студенттерге, яғни, біздің балаларымызға жылылық нұрын, қуаныш шапағатын, әкелік мейірімді сыйлай білдіңіз. Рахмет Сізге! Сіздің мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік, денсаулығыңыз мықты болғай! Ырыс-несібеңіз ортаймасын, жаныңыз қартаймасын, отбасы-ңыз аман, төңірегіңіз түгел болсын!

Ізгі ниетпен, ата-ана Медетов Мұрат Таймұханұлы, Рысмағамбетова Айәул Қазиханқызы

Ақтөбе облысы, Мұғаджар ауданы, Қандыағаш селосы 2017 жыл, 29 маусым

көтеріліп, жарқырап сөйле шашатын балады», - депті. Айтқаны келді сабаздың! Құнанбайдың ұлы халқының ұстазы атанған дана Абай сөз қадірін аспандатты емес пе. Сөз сұлтандары Жамбыл, Ғабит, Тайыр, Жұбан, Бауыржан, Зейнолла, Әбіш, Қадыр, Фариза, Мұқағалипар келді емес пе дүниеге. Бөрекелді! Бұлардай сөйлейтіндер қатары егемендік тұсында қаулап өсіп келеді. Құйтақандай Жамбыл бала дүниенің есігін ашты. Таңдайы тақылдап, сырлы сөздерді тізбектеткенде ауыз аша тыңдап қаламыз...

Қысқасы, ғалым Абат інімнің шешендік өнер, сөз өнері туралы талай еңбектері бірінің артынан бірі жарық көруде. Білетінім, автор «Шешен сөйлей білеміз бе?» жинағының жалғасы ретінде «Шешен сөйлеймін десең...» еңбегін баспаға әзірлеп жатқаны. Иә, профессор Абат Сатыбайұлы – алғашқы кезекте педагог. Оның жас ұрпақты сөз сөйлеу өнеріне баулудағы өтімді өткір сөзі, тиімді тылсым үні, мүлтіксіз мүдереіссіз сөз тізбектері – шешен сөйлеудің үздік үлгісі. Баули түс, інім, жастарды шешен сөйлей білуге! Сонда кітабыңа берген атаудағы сауалға жауап аласың көшікпей. Шешен сөйлеу қазағымның қанында бар. Сол бал бұлақтың көзін ашуға қызмет етсін абыройың!

Жайсаң Ақбай,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, мәдениеттанушы ғалым



«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

дауысы



№7 (32), тамыз, 2017 жыл

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме?!

Пока не оседлан боевой конь,
Пока копье не сожмет ладонь,
Пока не продолжен тернистый путь...
Разве одержишь победу, Герой!

Махамбет

2013 жылы мамырдың 24-інен бастап шығады - Издаётся с 24 мая 2013 года

Ізденіс — табыс көзі

Ғылым туралы толғаныс

Ғылым - өмірдің өзі.

Ермек Жеменей, журналист

Наука имеет над нами власть, потому что этого хочет общество, в котором мы живем.

Раймон Арон (1905-1983), француз әлеуметтанушысы

Ғұмыр - келте, ал ғылым - мәңгілік.

Ермек Жеменей

Работа мысли, поиски идей, мирная созерцательность науки дарят нам неизъяснимые наслаждения, не поддающиеся описанию, как все то, что связано с деятельностью разума, неприметной для наших внешних чувств.

Оноре Бальзак (1799-1850), француз жазушысы

Научные занятия сообщают нечто волшебное всему, что нас окружает.

О. Бальзак

Истинная наука может опираться только на опыт, на наблюдения и на достойные веры показания очевидцев.

Валерий Брюсов (1873-1924), орыс ақыны

Наука, поскольку она не ремесло, не изобретение удобств жизни, а занята открытием законов природы, - есть удовлетворение жажды деятельности мысли.

В. Брюсов

Основная цель всякой науки — твердо установить ряд простейших, удобопонятных и утешительных истин.

Максим Горький (1868-1936), орыс жазушысы

Наука не имеет притязаний проникнуть в сущность вещей. Наука знает только соотношения явлений, умеет только сравнивать их и сопоставлять. Наука не может рассматривать никакой вещи без ее отношения к другим. Выводы науки — это наблюдения над соотношениями вещей и явлений.

В.Брюсов

С помощью науки можно достичь самого приятного положения в обществе — заставить себя уважать, ничем ради этого не поступаясь.

Жорж Санд (1804-1876), француз жазушысы

Ғалым немен айналысса да, нәтижесі қашан да қаруға айналады.

Ермек Жеменей

Окунитесь в науку, и пусть люди неспособные гоняются за наслаждениями. Они не найдут их там, где ищут, а вы найдете их там, где они действительно есть — в спокойной совести и в развитии ваших высоких способностей.

Жорж Санд

Ғылыми жұмыстың құндылығы - оның қысқа да нұсқа тиімді баяндалуында.

Ермек Жеменей

Будущее человечества — в завоеваниях разума, вооруженного наукой.

Эмиль Золя (1840-1902), француз жазушысы

Наука подобна красивой, сварливой женщине. Если хочешь общаться с ней, то надо беспрестанно ссориться.

Исаак Ньютон (1643-1727), ағылшын ғалымы

Научные идеи проясняют наш дух и улучшают нашу жизнь. В то же время наука вытесняет позитивные достижения более ранних эпох и вследствие этого лишает нашу жизнь многих возможностей.

Пол Карл Фейерабенд (1924-1994), американ философы

Человека, всецело преданного науке, не должны отвлекать мелочи практической жизни.

Гюстав Флобер (1821-1880), француз жазушысы

Наука — самое важное, самое прекрасное и нужное в жизни человека, она всегда была и будет высшим проявлением любви, только ею одною человек победит природу и себя.

Антон Чехов (1860-1904), орыс жазушысы

Наука не является и никогда не будет являться законченной книгой. Каждый важный успех приносит новые вопросы. Всякое развитие обнаруживает со временем все новые и более глубокие трудности.

Альберт Эйнштейн (1879-1955), неміс физигі

Наука подтверждает наши ошибочные представления.

Станислав Ежи Лец (1909-1966), поляк ақыны, афорист

Наука, как и добродетель, сама себе награда.

Чарлз Кингсли (1819-1875), ағылшын жазушысы

Науку часто смешивают с знанием. Это грубое недоразумение. Наука есть не только знание, но и сознание, т.е. умение пользоваться знанием как следует.

Василий Ключевский (1841-1911), тарихшы

Наука — это организованное знание.

Герберт Спенсер (1820-1903), ағылшын философы

Наука — это систематическое расширение области человеческого незнания.

Роберт Гutowский

Естествоиспытатели открывают всего лишь то, что есть, а гуманитарии — даже то, что могло бы быть.

Болеслав Пашковский, поляк журналисті

Радости естествоиспытателя: задираť юбки природе.

Жан Ростан (1894-1977), француз биологы, жазушы

Всякая точная наука основывается на приближительности.

Бертран Рассел (1872-1970), ағылшын философы, математик

Даже авторитеты не в силах помешать прогрессу науки.

Лешек Кумор, афорист

Ум и наука подчиняются моде столько же, сколько сережки и пуговицы.

Денис Фонвизин (1745-1792), комедиограф

Когда науке не хватает аргументов, она расширяет свой словарь.

Жак Деваль (1894-1969), француз комедиографы

Три стадии признания научной истины: первая — «это абсурд», вторая — «в этом что-то есть», третья — «это общеизвестно».

Эрнест Резерфорд (1871-1937), ағылшын физигі

В науке слава достается тому, кто убедил мир, а не тому, кто первым набрел на идею.

Фрэнсис Дарвин (1848-1925), британ биологы

В науке, как и в спорте, важно участие, а не результат.

Ратмир Тумановский

Фундаментальные исследования — это то, чем я занимаюсь, когда я понятия не имею о том, чем я занимаюсь.

Вернер фон Браун (1912-1977), неміс конструкторы

Фундаментальные исследования — примерно то же самое, что пускать стрелу в воздух и там, где она упадет, рисовать мишень.

Хоумер Адкинз, американ ғалымы

Никакая наука не может научить людей, как им жить, или преподаť обществу, как оно должно быть организовано. Никакая наука не сможет предсказать человечеству его будущее.

Р. Арон

Наука, внушающая нам столько гордости, даже если она дополнена ответами на все вопросы, регулярно ей задаваемые, оставляет нас в конце концов в незнании.

Жорж Батай (1897-1962), француз жазушысы

Наука лишь вносит порядок в хаос ложных представлений и размещает их по рангам, делая возможным, облегчая их узнавание, но не познание.

В.Брюсов

Истинная наука не имеет ничего общего с нуждами повседневной жизни. Истинная наука имеет одну цель — возвысить душу до созерцания божественного.

В.Брюсов

Наука не ограничивается накоплением знаний, но стремится всегда к их упорядочению и обобщению в научных гипотезах.

Сергей Булгаков (1871-1944), орыс философы, теолог

Наука — знание условное, безусловное же знание дается чувством.

М.Горький

В науке, морали, политике нет ни добра, ни зла, нет ничего, кроме доказанных явлений и приобретенных познаний.

Александр Дюма-әкей (1802-1870), француз жазушысы

Наука не может быть виновата. Виноваты только те люди, которые плохо используют ее достижения.

Фредерик Жолио-Кюри (1900-1958), француз физигі

Наука — это пропасть, спускаться в которую надо с большой осторожностью.

Жорж Санд

Истина и ложь соотносятся в науке как настоящее и прошлое.

Георг Зиммель (1858-1918), неміс әлеуметтанушысы

Научные поиски истины и есть тот единственный высший идеал, к которому должен стремиться человек.

Э.Золя

Наука не откровение. Она движется вперед, в ногу с человечеством, и даже одни эти усилия приносят ей славу.

Э.Золя

Вся цель науки — дойти сознательно до того, что молодости дается даром.

Иван Тургенев (1818-1883), орыс жазушысы

Настоящие ученые и законченные карьеристы две враждебные армии, вечно воюющие между собой в цитадели науки.

Митчел Уилсон (1913 ж. туған), американ жазушысы

Отличительное свойство науки — ее способность предрекать.

Анатоль Франс (1844-1924), француз жазушысы

Искусство — это «я», наука — это «мы».

Клод Бернар (1813-1878), француз физиологы

Всякая наука есть предвидение.

Герберт Спенсер (1820-1903), ағылшын философы

Наука не отвечает на все вопросы, зато помогает понять бессмысленность многих из них.

Хенрик Ягодзиньский (1928 ж. туған), поляк сатиригі

Науки нет, есть только науки.

Николай Бердяев (1874-1948), орыс философы

Нет прикладных наук, есть только приложения науки.

Луи Пастер (1822-1895), француз ғалымы

Социология — это наука с максимальным множеством методов и минимальными результатами.

Анри Пуанкаре (1854-1912), француз физигі

Человек работал умно, работал и вдруг почувствовал, что стал глупее своей работы.

Василий Ключевский

Эта книга умнее меня самого.

Станислав Лем (1921 ж. туған), поляк жазушысы

Өзірлеген **Абат ҚЫДЫРШАЕВ**, п.ғ.д., профессор

«Махамбет дауысы» жаршысының жауапты редакторы —
А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

100-дің бірі – Жайық қаласы

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Мұрат Қалменов көне қала орнында өз студенттерімен бірге қазба жұмысын жүргізіп жатыр екен. Қуанышты хабарды ғалым осы жерде естіген.

«Егемен Қазақстан» – Жайық (Теке) қаласының орны 2001 жылы кездейсоқ анықталған. Әу баста бұл жерде Өлкей Марғұлан атындағы археология институты, кейін Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы мамандары қазба жұмыстарын жүргізді.

Бұл аумақтан қыш күйдіретін бірнеше пеш, ортағасырлық монша, тұрғын үйлер, бірнеше кесене орындары табылып зерттелді. Өткен жылы біздің БҚМУ-де археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге рұқсат беретін лицензияға ие болған едік. Міне, биыл университеттің тарих мамандығына оқитын 12 студентімен бірге шағын қазба жұмыстарын жүргіздік. Аумағы кішкене жердің өзінен табылған жәдігерлер ерекше құнды, көп мөлiмет берiп тұр, – дейдi Мұрат Дабылұлы. Бір апта уақыт ішінде 5 шаршы метрлік екі орыннан керамикалық ыдыстардың сынықтары, глазурлы қаптама, ұршықтастар, моншақтар, т е м і р ж ә н е с ү й е к б ұ й ы м д а р табылған. Мұрат Қалменов табылған заттардың әрқайсысын қысқаша сипаттап шықты.

– Қыш құмыра, ыдыс сынықтары көп шықты. Бәрі де ортағасырлық кезеңге жатады. Олардың көпшілігі кәсіпшілік жолмен, арнайы станокта жасалғаны байқалады, дөрекілеу, қолдан жасалғаны да кездесті. Табылған жәдігерлердің бәрін біз университетіміздің археология музейіне тапсырамыз. Бұйырса қазба жұмыстарын келер жылы да жалғастыруымыз керек, – дейді археолог.

Қазба жұмыстарына 12 студент қатысуда. Теориялық білімін практикада сынап көріп, ғылыми жаңалықтың дәл ортасында жүру олардың өзіне де өте қызықты.



– Мен мына жердегі Круглоозерный кентінде тұрамын. Тарих мамандығының 4-курсында оқып жүрмін. Археологиялық қазба жұмыстары қалай жүргізілуі тиіс, табылған жәдігер қалай сақталады, археологтардың жауапкершілігі деген сезімді өз бойымыздан өткізіп жатырмыз, – дейді Сұлтан Сағынтаев.

Ортағасырлық Жайық (Теке) қаласының орнын ашық аспан астындағы мұражай жасау идеясын осыдан бірер жыл бұрын Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының директоры, профессор Мұрат

Сыдықов көтерген болатын. Ортағасырлық Жайық қалашығы маңындағы Желтау биігінен пішімі мен құрылымы белгілі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің үлгісіне келетін бірнеше ғимарат орны да табылды. Мұның бәрін кешенді зерттеу, халық игілігіне айналдыру – болашақтың еншісінде тұр. Өңір тұрғындары ортағасырлық Жайық қаласының «Қазақстанның жалпыұлттық 100 киелі нысаны» тізіміне енуі қуана қабылдап, тарихи



ескерткішті көптің көзайымына айналдыратын күнді асыға күтеді.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ
Егемен Қазақстан
21 тамыз 2017 жыл

Мен-өлеңшім, мені біреу іздесе...

Ақжайық елінің поэзия әлеміне Жұбан Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Қадыр Мырза Әлі сынды қара сөздің хас зергерлерін тарту еткені баршамызға аян.

“Артта қалды қанша сапар, із неше, Мен өлеңмін! Мені біреу іздесе” деп жырлаған, Фариза салған ізбен поэзия көкжиегіне қанат қаққан замандас қыз-бойжеткендеріміздің арасында өзіндік лебі бар, сыршыл да әсерлі өлеңдер - Айкөркем Зинелова есімді ару қыздың қаламынан шыққан туындылар. Өлеңдерімен Ақжайық жастарына “Көркем Жәнібекқызы” деген атпен таныс бойжеткен 1997 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Бүгінде М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің 4-курс студенті. Республикалық, облыстық, қалалық жыр мүшәйраларының жүлдегері.

-Айкөркем, поэзия әлеміне қалай келдіңіз? Жалпы ақындық бойыңызға кімнен дарыды?

-Поэзия әлеміне дейсіз бе? (күлімдеп) Мектеп оқып жүрген тұста, нақтырақ айтсам 7-сыныпты бітіргенімде, мені есіріп, осы күнге дейін жеткізген өжем дүниеден озды. Сол кісі қайтқаннан кейін өлеңге әуес боп, өлең шығара бастадым. Жалпы өзіміздің тұқымымызда әкемің ағалары, үлкен аталары өлең шығарған. Солардан дарыған шығар деп ойлаймын...

-Алғаш өлеңіңізді жазуға не түрткі болды және жазған сәтте неше жаста едіңіз?

-Айтып өткенімдей, 7-сыныпты бітіргенімде, қателеспесем 13 жасымда аяулы өжемнен айырылған соң, бұл жағдай маған қатты тиген еді. Алғашқы жазылған өлеңдерімнің барлығы дерлік өжеме арналып шығарылды. Ең алғашқы өлеңімнің аты “Келмейсің қайтып, қайтейін” болды.

-Қазірде екі сөздің басын қосқанына дән риза, өздерін «ақын» санап жүрген жандар аз емес. Шын ақынның бойынан қандай қасиеттер табылу керек деп ойлайсыз? Жалпы кез келген адам ақын бола ала ма?

-Өрине, кез келген адамнан ақын шығуы екіталай деп ойлаймын. Ақын болу үшін талап керек, талант керек. Өкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған дарын керек. Арынды, дарынды, қаламы қарымды ақын болып қалыптасу үшін ең алдымен көп кітап оқып, сөздік қорды мейлінше арттыру қажет деп айтар едім; сосын ойыңды

қай жерде де ашық, анық айта алатындай сенім керек, менің ойымша, сезім керек! «Мұңсыз өлең – дымсыз өлең» демекші, өлеңге түрткі болатын – іштегі жан-айқай, көңілдегі нәзік мұң, жібектей сезім. Осылар болмаса, оқырманға әсер ететіндей өлеңнің шығуы екіталай. Сондықтан бір жағдайды басыңнан өткізіп, сезініп, түйсініп шығарған өлеңнің қашан да алар орны биікте болмақ.

- Бір жазбаңызда ақындардан Жұматай Жақыпбаевты үлгі тұтамын деген едіңіз. Неліктен деген сұрақ туындап отыр, жалпы Жұматайды өзгелерден ерекшелендіретін не?

- Жұматайда әркімде кездесе бермейтін адалдық бар, өлеңінде нәзіктік бар, өлең жазу техникасы да мықты! Мені шабыттандыратын да көбіне Жұмекеңнің Ләйләға арнап жазған жыр жолдары. Жай ғана оқып отырып-ақ үлкен тебіреніске түсесің, жаңа бір туынды жазуға шабыт аласың. Мен ғашықпын! Жұматайға да, Жұматайдың өлеңіне де ғашықпын! Өзім сүйер азаматтың да тап сол кісідей болғанын қалар едім. (күлімсіреп)

-Өлеңдеріңізді көбіне қай уақытта жазсыз және осы уақытқа дейін қанша өлең жазылды?

-Бұрын қатаң қалыптасқан қағидамен өлең-дерімді тек қана түнде жазатынмын, ал қазірде көбіне түсте жазатын болыппын. Өлеңдерімнің барлығын міндетті түрде күнделігіме түртіп, жазып жүремін. Қателеспесем, шығарған

өлеңдерімнің саны қазір 170-180-дей болып қалды-ау...

-Поэзияда жас ақындардан кімдерді мойындайсыз?

-«Жасақындар» демей-аққояйын... Поэзияда өз шыңдарын бағындырған Айжан Табаракқызы, Бақытгүл Бабаш, Танагөз Толқынқызы, Құралай Омар деген ақын қыздарды мойындаймын және үнемі шығармашылықтарынан хабар алып отырамын. Нұртас Тұрғанбек, Нұрбол Ибраев, Абылайхан Жұмашев сынды жас ақын азаматтармен шығармашылық байланыстамын. Жазған өлеңдеріммен бөлісіп, түзететін жерлерінен сабақ алып, ал егер ұнаса, баталарын алып жүремін.

-Ақындық жолда қандай жетістіктерге жеттіңіз? Өлеңдеріңізді жинақтап, жыр-жинақ қып шығару ойыңызда бар ма?

-Өрине жинағымды шығарып, таратсам, өзін секілді жанашырларым мен достарымның ықыластарына бөленіп, пікірлерін білсем бе деймін. Ал жетістіктер жайына келсек, облыстық жарыстардың жеңімпазы атандым, мәселен Махамбет оқуларында «Тартынбай сөйлер асылмын» айдарында 1-орынды иелендім, Ж. Молдағалиевтің туған күніне орай өткізілген «Мен –қазақпын» мүшәйрасында 3-орын, Садық Шөкелұлының 90 жылдығына орай өткізілген мүшәйрада 3-орындардың жеңімпазы болдым. Университет қабырғасында да болатын байқаулардан қалыс қалмауға



тырысамын, мысалы тіл апталығында «Қайран қазақ»өлеңіммен ең алғаш көзге түсіп, 2-орын алғаным бар, сонымен қатар тәуелсіздік күніне орай өткізілген мүшәйрада 2-орынды иелендім.

-Сұхбатыңызға рақмет. Қаламыңыз ұшала түсіп, бағындыра асуларыңыз көп болсын!

P.S: Көркем қыздың көркем жырларымен сусындағыңыз келсе, ВКонтакте әлеуметтік желісіндегі vk.com/aikorkemz сілтемесіне өтсеңіз болады.

Сұхбаттасқан:
Алтынгүл ДАУЛЕТБАЕВА,
фил-32

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.**
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басшылардың және (немесе) ақпарат агенттіктерінің 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

ТИЛШІЛЕР:

Сая ДУЙСЕНБАЙ,
Айша КЕМЕШОВА, Аққенже БЕРКЕНОВА

Корректор: Ақзия Адилевна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken@wksu.kz